

**Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім
бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің
Тәрбие жұмысының жылдық есебі
2021-2022 о.ж**

Мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша құрылып, жұмыс атқарылды. Әр айды сегіз бағытқа бөліп жоспарлады. (аудан бойынша)

Бірінші қыркүйек Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылып, «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтарымен бастады. Алғашқы сабаққа пән мұғалімдері қатысып, өткізілген сабаққа талдау жасады. Бірақ салтанатты жиын тек 1 – сынып оқушылары үшін ашық аспан астында өткізіліп, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге «Әліппе», «Буквар» оқулығы табысталды.

Адалдық сағаты жоспарланған уақыттарда тұрақты атқарылып отырды.

13.09.2021 Отбасы күні аталып өтті.

01.09.2021 күні Мектепте «Мектеп қауіпсіздігі командасын» мектеп директорының бұйрығы бойынша құрылды. «Мектеп қауіпсіздігі командасының» оқу жылына жұмыс жоспары құрылып, жұмыс жасай бастады.

«Қауіпсіз мектеп автобусы» Республикалық онкүндігін өткізу жоспарланды. (15.09-20.09.2021 аралығында аралығында) . Мақсаты; Оқушыларды білім алу орнына тасымалдауды ұйымдастыруда «қауіпсіз жол» қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды үйрету болды. Осы мақсатта сынып сағаттары, видеороликтер көрсету, сыныптан тыс шаралар онлайн түсіндіру жұмысы жүргізіліп әлеуметтік желіге жүктеліп отырды. Барлық сыныптар белсене қатысты.

5- қыркүйек Қазақстан Республикасының тілдері күніне және Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай мектебімізде тілдер апталығының ашылуы салтанатты түрде өтті. Ашылу салтанаты мемлекеттік гимнмен басталып, жиын түрінде жүргізіліп, оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығынан өлеңдер оқыды. Апталықтың мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен таныстыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолдану аясын дамытуға үлес қосу. Тілін, елін сүйе білуге үйрету.

6-қыркүйек ақын, әдебиет зерттеушісі, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, сазгер, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған **бірыңғай сынып сағаттары** өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды ақынның шығармашылығы, өмір жолдарымен таныстыра отырып, патриоттық тәрбиеге, тілін, дінін, Отанын сүйуге баулу

9.09 Отбасы күніне арналған "Менің отбасым" тақырыбында ұстаз Л.Н.Сүлейменова 8-11 сыныптар арасында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: отбасы құндылықтарын оқушылармен бөлісу, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін оқушы бойына қалыптастыру.

12.09 "Біздің денсаулығымыз- біздің қолымызда!" ұранымен денсаулық күні өткізілді.

22.09 "Назар аударыңыз- балалар!" атты жол қауіпсіздігі бойынша іс- шаралар атқарылды. Мақсаты оқушыларға жол көлік оқиғаларының, жазатайым оқиғалардың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары, сынып сағаттары, суреттер байқауы, флешмобтар, үлестірімелер арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, білімін арттыру. Іс-шара барысында өзін-өзі басқару ұйым түсіндіру жұмыстарына белсенділік танытты.

педагог-психологы Л.А Юсупова ата-аналар жиналысында психологтың оқу процесіндегі рөлімен таныстырып, тренинг өткізіп, ата аналармен ой бөлісті.

30 қыркүйек Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нде "Дублер күні" өткізілді. Бастамашыл топтың ұсынысымен дублер лауазымына кандидатуралар тағайындалып, білім беру ұйымы қалыпты режимде жұмыс істеді. Яғни 11 "а, б" сынып оқушылар мектеп ішін безендіріп, ұстаздарға мектепке кірген сәттен жоғары көкіл күй сыйлап, салтанатты түрде қабылдады. Сабақтарын өткізіп, мектеп ережесімен жұмыс жасай отырып, "Ұстаз ұлы есім" тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырды. Мереке директордың құттықтауымен қатар ауыл әкімі

К. Мусалимұлының ұрпақ үшін аянбай еңбектенетін ардақты ұстаздарға алғыс хат тапсыруымен басталды. Мерекелік шара көтеріңкі көңіл күймен өтті.

Ұстаздар күні құтты болсын!

2021 жылдың 7 қыркүйегі Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің асханасында ыстық тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары, мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, тамақ өнімдерінің сапасы, асхана жұмыс кестесінің сақталуы, дайын өнімнің сапасы бақыланды.

Қортындылай келе жұмыс барысы тиянақты, талапқа сай екені анықталды —

2021 жылдың 7 қазаны Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нде "Алтын күз" апталығы барысында 8-11 сынып оқушылары арасында "Күз аруы- 2022" байқауы ұйымдастырылды. Арулар:

1. таныстыру

2. шығармашылық

3. күзгі салат жасау

4. үй тапсырмасы (шебер қолдар) кезеңдері бойынша сыналтылды. —

8 қазан 7 сынып оқушылары арасында "Аңыз дала, Абыз дала- туған жер" тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.

20.10.21 оқушылары арасында қабырға газеттер, суреттер байқауы өткізіліп, 5-7 сынып оқушылары **19- қазанда Республикасы күніне арналған** «Қазақстан- салауатты ұлт, салауатты болашақ» челленджісіне қатысты. Оқушыларды өз Отанын, мемлекеттік рәміздерді, өз халқының тарихи мұрасын құрметтеуге, жауапкершілік сезімін арттыру, өз мемлекетінің өткеніне құрметпен қарауға тәрбиелеу, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған шараға оқушылар белсене қатысты.

20.10.21 Республика күніне орай қазанның 20 жұлдызында оқушыларды Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер "Жас Ұлан" ұйымына қабылдау салтанаты өткізілді. Қазанның 21 күні Республика күніне орай "Қазақстан- салауатты ұлт, салауатты болашақ" тақырыбында асық, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, эстафеталық ойындарынан спорттық іс-шаралар өткізіліді. Спорт өз-өзінді бақылауда ұстаудың ең дұрыс жолы.

Спорт- мақсатқа жеткізуші. Спиртпен шұғылданатындардың өмір сүру деңгейі басқалардан жоғары. Біз салауатты өмір салтын әрқашан қолдаймыз- дейді жас ұрпақ.

қазанның 22 күні Республика күніне орай бірыңғай сынып сағатты өткізілді. Мақсаты- ата-бабаларымыздың ерлігі мен бүгінгі буынның ерен еңбегін ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайту. Республика күні құтты болсын!

26.10.21 "Құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Сонымен қатар қазанның екінші жұлдызында бастауып сынып

оқушылары арасында "дойбы" ойынан оқушылардың ойлау қабілетін арттыру мақсатында жарыс өткізілді.

казанның үші күні 1"а" сынып оқушылары және 5-6 "а" сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері "көңілді жарыс" ойынын ұйымдастырды.

Күзгі каникулдің жоспарыны сай қарашаның төрті мен бесі аралығында 8-11 сынып оқушылары арасында волейболдан "үздіктер байқауы" өткізілді. —

21.11.21 балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында 2022 жылдың 18 қарашасында қыздар арасында «Зорлық-зомбылықсыз әлем – біз бірге жасай аламыз» тренингінің элементтерімен сабақтар өткізілді.

Мақсаты: балалардың адам құқықтары туралы білімдерін нығайту.

2021 жылғы 25 қараша селолық округ аумағында "Түнгі қаладағы балалар" жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шараның мақсаты: балалардың құқықтарының бұзылуын, аз қамтылған отбасылардан шыққан жасөспірімдердің қауіпсіздігі, балалар еңбегін анықтау, қараусыздықтың, панасыздықтың алдын алу еді.

Рейд барысында түнгі уақытта ата-анасының еріп жүруінсіз жүрген кәмелетке толмағандар анықталған жоқ, балалар еңбегін пайдалану фактілері анықталған жоқ.

Рейдтік іс-шараның қорытындылары Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырысында қаралатын болады.

01.12.21 педагог- психолог Л. А. Юсупова мен мектеп медбикесі З. С. Орашова 5- 7 сыныптар арасында "Ұжымдақ топ" тренингісімен бастап, «Психотропты заттардан уланудың алдын-алу» тақырыбында әңгіме сұхбат өткізді. Мақсаты: Психотропты заттардың психикаға тигізетін әсері мен оның алдын-алу шараларын түсіндіру.

1 желтоқсан Дүниежүзлік СПИД-ке қарсы күрес күні" сынып сағаттары өткізіліп, оқушыларға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін жағымсыз жат қылықтарға бой алдырмай саналы ғұмыр кешу өз қолдарында екені талданып, түсіндірілді.

5 желтоқсан аралығында

" Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" ақпараттық науқанына орай кітапханада отбасылық құндылықтарды насихаттайтын кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, бастауыш сыныптар арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын сынып сағаттаны өткізілді. Сонымен қатар педагог- психолог оқушыларға жеке тұлғаның күшті жақтары туралы түсінік беру, мінездегі сенімділік дағдыларын қалыптастыру, агрессия күйіне қарсы кері қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Қоян,қоян мен қандаймын,айтшы?» жаттығуын жүргізе отырып, кеңес берді.

2021 жылдың 7 желтоқсан күні "Тарих толқындарында" сауаттылық апталығы бойынша жоспарға сай тарих пәнінің мұғалімі Л. Н. Сулейменова 5-11 Б сынып оқушыларының арасында «Толерантность—дорога к миру» дөңгелек үстел өткізді. Тарих пәнінің мұғалімі Қ. М. Хакимов «Ұлы дала» виртуалды экскурсия 7 А сынып оқушыларына бейнеролик көрсетті. — с

14 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай жалпы республикалық диктант өткізілді шахматтан мектепішілік олимпиада өтті. Олимпиадаға 1-11 сынып оқушылары 16 адам қатысты. Жеңімпаздар марапатталады.

15.12.21 адалдық сағаты өтті. Мектеп оқушылары жемқорлыққа қарсымыз, "жемқорлыққа жол жоқ" ұранымен мектепішілік эстапета өткізді — с

15.12.21. 15 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай салтанатты жиын тәуелсіздік құрбандарын еске алып, бір минут үнсіздікпен басталды." "Жас Қырандарды" қабылдау

салтанаты өткізілді. Тәуелсіздік- басты құндылық", "Қазақстан- менің туған өлкем" тақырыбында сынып сағаттары, мергендер сайысы ұйымдастырылды.

30.12.21 "Қош келдің, Жаңа жыл- жаңа белес, жаңа арман" атты жаңа жыл шыршасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. Шырша тойында мектеп ұжымы мен кәсіпкер Ә.Р. Абдықадырқызының 1-4 сынып оқушыларына жасаған сыйлықтарын табыс етті.

23.01 Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен жас маман мектебіміздің кітапханашысы Сетерхан Маржангүлмен "Өнегелі өмір" жобасы аясында кезесу өткізді. Оқушылармен "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында қандай іс- шаралар ұйымдастырылып жатқаны туралы және жас маман ретінде өз өмірі мен қызметі жайлы ой бөлісті.

24.01.22 мектеп асханасына ыстық тамақтың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Бақылау барысында мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, тамақ өнімдерінің сапасы, мәзір бойынша тамақтың өлшемге сәйкестігі тексерілді. Қортындылай келе жұмыс талапқа сай, тиянақты, барлығы жұмыс кестесі бойынша екені анықталды.

27 қаңтар "Жемқорлық деген не?," "Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушыларға біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ екені, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы екені түсіндірілді.

31.01 педагог—психолог жоғары буын оқушылары арасында психотропты заттардың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп, қорытынды жасады.

07 ақпан "Өз мамандығын іздеуде" атта кәсіптік бағдар апталығы барысында 1-4 сыныптар арасында, "Мамандықтар әлемі" тақырыбында, 5- 6 сыныптар арасында "Мамандыққа мұқият бол" тақырыбында, 7-8 сыныптар арасында "Кадр мәселесі" атты викторина сабақ, іскерлік ойындар өткізіліп, 1-11 сыныптар арасында педагог- психолог оқушылардың мамандыққа жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімін анықтауға арналған экспресс-диагностика жасады.

08.02 бүгін кәсіптік бағдар беру апталығының төртінші күні 5—11 сынып оқушылары арасында ауылдың кәсіпорындары мен ұйымдарына экскурсия жасау шарасы ұйымдастырылды.

09.02 бүгін кәсіптік бағдар беру апталығы аясында балалардың әртүрлі кәсіпті игеру білімін арттыру мақсатында кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, "Еліміздің кәсіптері"," Мамандықтар әлемі" туралы видеороликтер көрсетіліп, оқушыларға кеңестер беріліп, сынып сағаттары өткізілді.

11.02 күні кәсіптік бағдар беру апталығының бесінші күні 1-4 сыныптар арасында "Барлық жұмыстар жақсы, өзің таңда" тақырыбында мәнерлеп, өлең оқу сайысы өтті.

04.02.22 Спорт—адамның басты және баға жетпес байлығы. Спорт жаттығулары ағзаның иммунитетін көтереді, сол себепті спортпен шұғылданатын адамдар, вирустық инфекцияларға бейім болмайды.

Физикалық белсенділік қантамырларына жағымды әсер етеді.

Осы мақсатта Қарағанды облысы білім басқармасының Осакарова ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ —нде оқушылар спорттық секцияларға белсене қатысып, салауатты өмір салтын сақтайды.

9 ақпан – қазақтың ақын ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Ақынның туған күні қарсаңында сынып сағаттары өткізіліп, мектеп кітапханасында жасөспірім оқырмандардың ақын өлеңдерін жатқа оқу сағаты өтті

10.02. "Отбасы тәрбиесі" бағыты бойынша "Отбасы- тәрбие бастауы" ұранымен сынып сағаттары өткізілді. 5 "а" сыныбы "Отбасы рухани жаңғырудың негізі" тақырыбында өткізілген сынып сағатын оқушылардың пікір таласымен жалғастырып, тақырыпты аша түсті. Ал бастауыш сынып оқушылары қиялдарын сурет сызу арқылы жеткізді.

11.02. Мектеп парламенті бұл- белсенді оқушылар. Олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымдағы істерге бей жай қарамай, шығармашылық көзбен қарайды.. Осы мақсатта Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің мектеп парламенті 07 ақпаннан бастап, апталық жұмыстарын ашық түрде бастап кетті.

16.02. Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 32 жыл білім саласында сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп, ұшырған бастауыш сынып мұғалімі Сағидолда Гүлбаршынмен "Өнегелі өмір" жобасы аясында кезесу өткізді.

Ұстаз оқушыларға болашақта алға мақсат қойып, мықты маман иесі болуға кеңес беріп, аналық ыстық ықыласын білдірді.

Бүгін 17.02.2022. Совет әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нде 9-11 сынып оқушылары арасында "Ауған соғысы.." тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, "Алау"," Ұлан"әскерилендірілген ойындары аясында жас әскер бөлімшелері үшін мектепшілік жарыс ұйымдастырылды. Және "Жас Ұлан" ұйымы "Батылдық пен ерлік" атты сайыс- презентациясын өткізді.

18 ақпан «Ауғанстан – жанымның азабысың» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, суреттер байқауы ұйымдастырылды.Мақсаты; өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету;

Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге баулу

Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. .Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған. Осы мақсатта Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нде сынып сағаттары өткізіліп өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен сыныптан тыс шаралар жалғасын тапты.Ыстық лебіз, шынайы алғыстарын бірі өлең жолдарымен жеткізсе бірі жүрекшілергі жазды, ал біреулері "Алғыс айту" сандықшасына жазып салды

27.02.3'б" сыныбында 16- қараша Халықаралық мейірімділік күніне орай сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, өзара сыйластық қарым -қатынастарын дамыту,

мейірбандылық,мейірімділік сияқты адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге

Бірінші наурыз Дүниежүзлік Азаматтық қорғаныс күні аясында "Азаматтық қорғаныс және әрбір үйдегі алғашқы көмек" тақырыбын негізге ала отырып, оқушылардың төтенше жағдайдағы іс- қимыл бойынша теориялық білімдерін, дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру мақсатында екі ауысымға жекелеп, карантиндік шараларды ескере отырып, іс-шара өткізді.1 Наурыз Алғыс айту күнін мектеп оқушылары сабақтарын ізгі тілектерімен бастады. өзін өзі басқару ұйымы тәлімгер Уатхан Сағатгүлдің ұйымдастыруымен жабдықталған "Алғыс сандықшасын" ашып, оқушылардың ізгі тілектерін ата- анасына, ұстаздарына, достарына арнайы хат қалтаға салып, үлестірді.

Жылы сөздер мен ізгі тілектер- жан жадыратары сөзсіз.

8-Наурыз мектеп оқушылары "асыл армандардың орындалуын, жан жадыратар қуаныштың мол болуын, отбасы бақыты мен берекесі сарқылмауын, денсаулықтың мұқалмауын тілей отырып мерекелік шара ұйымдастырды.

19.03. "Қош келдің, Өз Наурыз" мейрамын 18 наурыз күні жоспар бойынша, Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 ЖББМ" КММ-нің ұжымы бастауыш сыныптардың Өз Наурыз мерекесімен бастады. Оқушылар мерекені әсем ән, көркем бимен бастап, қазақтың ұлттық ойындарын насихаттап, соңында мектеп асханасынан "Наурыз көжеден дәм тату қазақы дастарханымен аяқтады

2022 жылдың 16 наурызында ыстық тамақтандыруды ұйымдастырылуын бақылау мақсатында, ведомствоаралық сараптау кеңесі мектеп асханасына тексеріспен барды. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары тексерілді және күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі қаралды. Сонымен қатар балалардың дұрыс тамақтануын бақылау мақсатында, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары да қаралып, талапқа сай екені анықталды

2022 жылдың 18 наурызында " Қош келдің, өз Наурыз" мейрамының екінші бөлімі орта буын оқушыларымен мектеп ұстаздарының ұлттық өнер мен салт дәстүрді дәріптеп ұйымдастырған мерекелік шарасымен жалғасты. Өз Наурызбен құттықтап, мерекені бастаған мектеп директоры Т. А. Дулатовна, соңында мектеп ұстаздары мен оқушыларға алғыс білдіріп, мектеп асханасына Наурыз көже ішуге шақырды

06.04.22 сынып жетекшілері оқушыларға су тасқыны мен көктемгі қауіпсіздік ережелерін таныстырып, сақтық шараларын өткізді. Әрдайым дайын болыңыз

Тұрғылықты жеріңіз туралы жақсы біліп алыңыз, егер су тасқыны мен сел жүретін аймақта тұрсаңыз әрдайым құлағыңызды түріп жүріңіз. Мысалы, өзен маңына қоныстанған қала, елді мекендерде көктемде жыл сайын табиғи апаттың алдын алу жұмыстары атқарылады. Тасқын кезінде қажетті заттарды іздеп әбігерге түспес үшін құжаттар, ақша, бағалы бұйымдарды сенімді орынға жинап қойыңыз. Азық-түлік, су және құтқару шеңбері, арқан, қайық секілді қажетті құтқару заттарын алдын ала алып қоюды ұмытпаңыз.

2. Соңғы жаңалықтардан хабардар болыңыз

Елдің кез келген нүктесінде су басу қаупі бар болса телеарна, радио, интернетте бұл туралы міндетті түрде жаңалықтар шығады. Мысалы, Вақ.kz ақпарат агенттігі Семейде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды, Қазақстанның 6 аймағында су деңгейі көтерілуі мүмкін, ШҚО-дан өзге 5 облыс су тасқынына дайын болуы керек деген ақпараттар таратты. Айта кетсек, азаматтардың телефонына 112 қызметі ауа райы, болуы мүмкін табиғи апаттар туралы хабарлама жіберіп отырады.

3. Электр мен газды өшіріңіз

Үйіңізге су кірместен бұрын тез арада барлық коммуникацияны өшіріңіз. Электр тогына су тисе қандай жағдай болатынын бәріміз білеміз. Тіпті соңы адам өлімімен аяқталуы мүмкін. Барлық есік пен терезе жабық болуы керек.

4. Егер сіз суға батып бара жатсаңыз...

Жүзуге, су бетінде ұстап тұруға көмектесетін кез келген затты пайдаланыңыз. Үйіңізде доп, пластик бөтелкелері, үлкен үрмелі шарлар болса тіптен жақсы. Егер жаныңызда бір адам көмек сұраса бірден қолыңызды созып судан шығарып алуға тырыспаңыз. Мұндай жағдайда сіз өзгені де, өзіңізді де құтқара алмайсыз. Одан да ол адамға су бетінде ұстап тұруға көмектесетін заттарды беріңіз.

5. Оқшау орында қалып қойсаңыз...

Үйіңізді су басып жатқанда жағдайға қарап сіз тез арада көмектің жете қоймайтынын түсінесіз. Сол себепті ең алдымен өзіңіз әрекет етуіңіз керек. Киіміңіз бен аяқ киіміңізді шешіңіз. Терең тыныс алып су астында қалған қалқып жүретін қандай да бір затты ұстап алыңыз да су бетіне шығыңыз. Ең бастысы дүрлікпеңіз. Егер сабыр сақтасаңыз тірі қалу мүмкіндігі арта түседі.

6. Су тасқынынан кейін не істеу керек?

- Үйіңізді тексеріңіз, себебі газ жиналып қалуы мүмкін;
- Электр мен газдықоспаңыз, оны мамандарға тапсырыңыз;
- Үйіңізде құлайын деп тұрған қандай да бір заттардың бар-жоғын тексеріп алыңыз. Мысалы, іргетасты, қабырға, терезе, еденнің бүтіндігін тексеріңіз;
- Электр сымы мен канализация, газ беру жүйесінің дұрыс екенін тексеріп алыңыз;
- Сумен араласқан азық-түліктерді ақтаңыз, олар қауіпті болуы мүмкін немесе қолдануға жарайма, жоқ па тексеріңіз;
- Су басқан заттардың бәріне дезинфекция жасау керек;
- Су тасқыны дүние мүліктеріңізге үлкен шығын келтірсе, жергілікті атқарушы органдарынан көмек сұраңыз;
- Жүзү білмесеңіз тез арада үйреніп алыңыз.

Су тасқынының салдары жаппай індетке, егістіктің бүлінуі мен малдың қырылуына, үйлер мен коммуникацияның қирауына, адамдардың өліміне әкеп соғуы мүмкін екені таныстырылды.

2022 жылдың 12 сәуір ыстық тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары, мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, күнделікті алынатын тамақтың сынамасы, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі бақыланды.

Жұмыс барысы тиянақты, талапқа сай екені анықталды

Және 12 сәуір - Ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Тұңғыш ғарышкерлермен таныстыра отырып, оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің батырын құрметтеуге тәрбиелеу.

21.04.22. "Таза бейсенбілік" ұйымдастырып, оқушылармен бірге мектеп ауласын тазартып, көгалдандыру жұмысына кірісіп кетті.

21.04. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын дәлелдейтін бұл мерекке орай кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылып, оқушылар арасында "Бірлік пен татулықтағы Қазақстан" атты сабақ өткізілді.

25.04. 1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттауды жас ұрпақ бойына қалыптастыру.

7 сәуір - Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай салтанатты жиын ұйымдастырылды. Мақсаты; оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой- өрісін дамыту, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие бер

26.04 Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай мектеп кітапханасында "Ұлы Жеңіс батырлары" атта кітаптар көрмесі қойылып, "Жеңісті жүрегімізде сақтайық!" тақырыбында ерлік пен патриоттық сабақтары өткізілді. Сонымен қатар жас мергендер сайысы ұйымдастырылды.

26.04 "Балалар жылы-2022" аясында "Өскелең ұрпақ біздің болашағымыз" атты ауыл әкімімен кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өскелең ұрпақты қорғау, балалар мен жастарға қолдау көрсетіп, болашаққа бағдар беру.

Кездесу барысында мектеп оқушыларына ауыл әкімі К. Мусалимұлы жас ұрпақтың сапалы білім алып, кәсіптік білімге бастауыш сыныптан бастап, бейімделуі керек екенін дәлелмен түсіндірді.

28.04 9-11 сынып оқушыларымен «Өндірісте еңбекті қорғауды ұйымдастыру» атты сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: еңбек мәдениетіне тәрбиелеу, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, еңбекті қорғау ережелері мен нұсқауларын сақтауға дағдыландыру.

1- мамыр Бірлік күніне орай іс- шаралар өткізілді. Мақсаты көп ұлтты құшағана сіңірген еліміздің татулық, бірлік, бейбітшілікті сүйетінін оқушы бойына қалыптастыру.

5 мамырында Ұлы Отан Соғысының 77-жылдығына орай 1,2 сыныптарының сынып сағаттары ұйымдастырылды. Және "Жеңіс лентасы" акциясы өткізді

Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орайластырылған айлық жұмыс қарсаңында 2 сынып оқушыларын "Жас Қыран" ұйымына қабылдау салтанаты ұйымдастырылды. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай жоспар бойынша 6 мамыр "Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран, "Отаны бірдің тілегі бір" атты біріккен сынып сағаттары өткізілді. Ауыл әкімі Мусалим Кеңшілік мырзаның қатысуымен айлықтың жабылу салтанатты жиыны ұйымдастырылып, іс-шараға белсене қатысқан оқушыларға мектеп директорының алғыс хаттары тапсырылды. Соңынан аға тәлімгер мен мектеп президенті талантты оқушылардың қатысуымен "Желбіре Жеңіс жалауы" тақырыбында мерекелік концерт өткізіліп, мектеп ұжымына жоғары көңіл күй сыйлады. Жеңіс күні құтты болсын!

Қазақстан-бірлігі мен ынтымағы жарасқан тәуелсіз мемлекет. Сан ұлттың басы қосылған, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымақты ту еткен мемлекеттің ертеңі ұрпағымына үлгі боларлық тәлім мен білім беретін іс-шаралар мектебімізде үнемі өткізіледі. Биыл да бірінші мамыр күніне орай ерекелік шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Сарыөзек ауылының аумағында 2022 жылдың 12 мамырында мектеп директоры А.Д.Тауекелова директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Кабыхай А, әлеуметтік педагог Зулхарнай Ж, әкімдік аппаратының жетекші маманы Жантүгел Адалбекпен бірге қолайсыз отбасыларында болып, жалпы біліммен қамтылмаған оқушыларды анықтау, әлеуметтік-медициналық көмекке мұқтаж балаларды тәрбиелеп отырған отбасына жан-жақты қолдау көрсету, келеңсіздіктердің себептерін жою мақсатында «Қамқор» жедел-профилактикалық іс-шарасы, рейді өткізілді.

1.05 22 Өмірдің негізі- отбасы! Отбасы күні құтты болсын! –деп педагогикалық ұжымы мен оқушылары барлық қауымды Халықаралық Отбасы күнімен құттықтайды! Атаулы күнге байланысты мектебімізде "Отбасы – асыл қазына" атты сынып сағаттары өткізілді.

18.05.22 Мектепте "Нашақорлықтың, және темекі шегудің алдын алуға бағытталғын іс-шаралар жоспарына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте баланың құқықтарын қорғауды күшейту және жасөспірімдер арасында темекі шегудің алдын алу» жедел-профилактикалық іс-шаралары өткізілді. Іс-шараның мақсаты: оқушылары арасында темекі өнімдерін тұтынуды болдырмау. Жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыруға баули отырып, саналы түрде салауатты өмір салтын таңдауға және өз таңдауы үшін жауапкершілікке дайындау. Осы мақсатта педагог- психолог сынып сағатын өткізіп, мектеп медбикесі оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жасады. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен « Темекі шегудің алдын алу» тақырыбында ауыл тұрғындарына жаднамалар үлестіріп, салауатты өмір сүруге шықарды.

25.05.күні "Сыңғырла соңғы қоңырау" атты салтанатты кеш өткізілді. Құрметті ұстаздар және ата-аналар, мереке қонақтары!

Сіздерді «Соңғы қоңырау» мерекесімен құттықтаймыз!

Білімге құштар, көзі ашық жастар мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі! Түлектерімізге ақ жол! -деп соңғы қоңырау салтанаты өтті.

2022 жылғы 20 мамырда Осакаровка кентінде жалпы білім беретін мектептер арасында балалар жылына арналған аудандық жасөспірімдер жарысы өткізілді. Спорттың бес

түрінен: үстел теннисі, асық ату, армрестлинг, шағын футбол, ұлдар мен қыздар арасындағы волейбол.

Үстел теннисінен Сарыөзек ауылының №21 ОМ Перизат Тамкей қыздар арасында бірінші орынды, Сарыөзек ауылы № 21 ОМ Жилбир Бекболат ұлдар арасында бірінші орынды иеленді.

Асық атудан ұлдар арасында бірінші орынды Сарыөзек ауылы № 21 ОМ Эбілмансур Армия иеленді.

Армрестлинг бойынша жарыстарда Сарыөзек ауылы. № 21 ОМ Бақытхан Жәнібек, жеңімпаз атанды.

01.06.22Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында мектеп кітапханасында оқушыларымен ақпараттық сағат өтті. Бұл шараның басты мақсаты – ортақ тарихи мұрамызды насихаттау, Ахмет Байтұрсынұлының өткен өмірімен таныстыру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау, олардың тарихын білу.

Құрметтібалалар, достар, ата - аналар! Сіздердібүгінгі 1 - маусымхалықаралықбалаларкүніменқұттықтаймын! Елімізаман,жұртымызтыныпш, жасөскелеңұрпақаманболсын! - дегентілекпенмектебіміздеХалықаралықбалаларкүніжәне "Айналайын" жазғысауықтыруалаңыныңашылуыаталыпөтті. "Бала дегенбірбақыт" аттымерекелік шара мектеп директоры А. Д.Тауекелованыңоқушылардыбалаларкүніменжәнежазғысауықтыруалаңыныңашылуымен құттықтауыменбасталды. Мерекеніоқушылардыңәуездіәндері мен әсембилеріәсерлейтүсті. Шара соңындакәсіпкерӘбдіқадырқызы Роза тәттісыйжасап, бүлдіршіндердіңкөңілкүйінашатүсті

2022 жылдың 1 маусымында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны басталды.

Акцияның негізгі мақсаты – қоғамның, оның ішінде ересектердің, балалар мен олардың ата-аналарының назарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін пайдаланудың алдын алу мәселелеріне аудару.

09.06.22ЧЕЛЛЕНДЖ.

Балалар жылын және «Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясын жүзеге асыру аясында «Баланы құттықтаймын!» атты Халықаралық балаларды қорғау күні табысқа жеткен жандардың бейнеқұттықтаулар челленджі өткізілді.

Челленджнің мақсаты – қысқа бейнероликтер арқылы азаматтық қоғамның назарын Балаларды қорғау күнін мерекелеуге аудару.

— табысты адамдардың тәжірибесі арқылы балаларды интеллектуалдық, шығармашылық, салауатты өмір салтын дамытуға ынталандыру. Осы мақсатта ауыл әкімі Мусалим Кеңшілік мектебіміздің жасөспірімдерін және барлық балаларды "Халықаралық балаларды қорғау күнімен" құттықтады.

13.06.22"Түнгі қаладағы балалар" жедел-алдын алу іс-шарасын ұйымдыстырдық.Мақсат кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде және тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болуына жол бермеу Рейдтік іс-шара барысында сәтсіз отбасылар тексеріліп, профилактикалық әңгімелесулер жүргізілді.

14.06. Мектебіміздің түлегі еркін күрес жүлдегері Жататаева Инкара Қәдіржанқызы өз ұқшан ұясына, жасөспірімдерге кез келген уақытта көңілі ақ, алаңдаулы екенін дәлелдеп, спорттық жарыста сапарда жүрсе де оқушыларды "Балаларды қорғау күнімен құттықтайды. Инкараға әркез сәтті сапар, мықты денсаулық, толағай табыс тімейміз.

16.06.22 9-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат тапсыру салтанатты жиыны өтті. Жиында мектеп әкімшілігі, ұстаздар мектеп түлектеріне деген тілегін арнап, ақ жол тіледі.Ал ұстаздардың сапалы білім, саналы тәрбиесі үшін өз ризашылықтары мен алғыстарын ата-аналар да жеткізіп, әсерлі тілектерін айтты.

Ұстаздар қауымы оқушыларға әрқашан тек сәттілік пен жарқын болашақ тілейді!

17 маусымда 11-сынып оқушыларына жалпы білім беретін орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. Елімізде мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алаған жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөлінуде. Құрметті жас түлек еліміздің лайықты азаматы, саналы ұрпақ болуларын, барлық мақсаттарына жетулеріне тілектес екнімізді білдіріп, сәт сапар тілейміз.

Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім басқармасының «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ –нің 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысы

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қаблетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмысы 30.08.22 күні Конституция күнімен басталды. 6 сынып оқушысы Досымхан Махфуза, Бейбіт Гауқар, 5 сынып оқушысы Баймурат Перизаттардың ата заңымыз туралы жырлаған өлең шумақтарымен өлеңдерін оқып, әлеуметтік желіге жүктелді. Оқу жылы білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарымен басталды. Салтанатты жиын уақытылы жоспарланып, сынып сағаттар кабинеттерге бөлініп, алғашқы сабаққа пән мұғалімдері қатысып, талдау жасалды. Салтанатты жиынға АББ нен Қауғабаева Айдана Мейрамбек қызы қонақ болды. 05.09.2022 күні асханасында ыстық тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары, мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, тамақ өнімдерінің сапасы, асхана жұмыс кестесінің сақталуы, дайын өнімнің сапасы бақыланды.

Қортындылай келе жұмыс барысы тиянақты, талапқа сай екені анықталды

05.09.2022 күні *Қазақстан Республикасының тілдері күніне және Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай мектебімізде тілдер апталығының ашылуы салтанатты түрде өтті.* Ашылу салтанаты мемлекеттік гимнмен басталып, жиын түрінде жүргізіліп, оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығынан өлеңдер оқыды.

Апталықтың мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен таныстыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолдану аясын дамытуға үлес қосу. Сонымен қатар апта бойы А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Тіл – кемел болашық тұғыры» атты А.Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған суреттер байқауы өткізілді. Оқушылар белсене қатысты. Және сол күні *Ахмет Байтұрсынұлының* тілін, елін сүйе білуге Қазақстан халқы тілдер күніне және *туған күніне бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру* 12 қыркүйек «Отбасы күніне» арналған "Менің отбасым" тақырыбында ұстаз Л.Н.Сүлейменова 8-11 сыныптар арасында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: отбасы құндылықтарын оқушылармен бөлісу, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін оқушы бойына қалыптастыру. Және отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында буклеттер мен суреттер байқауы ұйымдастырылып, қорытынды жасалды. Қыркүйектің 19 күні «Назар аударыңыз балалар!» жол қауіпсіздігі бойынша практикалық іс-шаралар жоспарланып, жұмыс атқарылды. Мақсаты оқушыларға жол көлік оқиғаларының, жазатайым оқиғалардың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары, сынып сағаттары, суреттер байқауы, флешмобтар, үлестірмелер арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, білімін арттыру. Іс-шара барысында өзін-өзі басқару ұйым түсіндіру жұмыстарына белсенділік тапты. 11 «б» сынып жетекшісі Л.Н.Сүлейменова мен 11 «а» сынып жетекшісі Тоқан Бақытбектер сынып сағаттарында презентацияларды көрсету арқылы жол қауіпсіздігіне

жауапкершілікпен қарауды ашып көрсетті. АӘД пән мұғалімі Д.К.Мәдениетұлы үгіт насихат тобын ұйымдастырып, жол көлік оқиғаларынан сақтану жолдарын ашып

көрсетті. 22.09.2022 күні мектеп психологы Л.А.Юсупова « Психологтың оқу процесіндегі рөлі» тақырыбында ата-аналармен кеңес өткізіп, соңынан тренинг ұйымдастырды. Ата-аналар мектеп психологмен өзекті сұрақтарымен бөлісіп, ойларын ортаға салды.

Қыркүйектің 30 күні «Мұғалімдер күні» «Дублер күні" жоспарланып өткізілді. Бастамашыл топтың ұсынысымен дублер лауазымына кандидатуралар тағайындалып, білім беру ұйымы қалыпты режимде жұмыс істеді. Яғни 11 "а, б" сынып оқушылар мектеп ішін безендіріп, ұстаздарға мектепке кірген сәттен жоғары көкіл күй сыйлап, салтанатты түрде қабылдады. Сабақтарын өткізіп, мектеп ережесімен жұмыс жасай отырып, "Ұстаз ұлы есім" тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырды. Мереке директордың құттықтауымен қатар ауыл әкімі

К. Мусалимұлының ұрпақ үшін аянбай еңбектенетін ардақты ұстаздарға алғыс хат тапсыруымен басталды. Мерекелік шара көтеріңкі көңіл күймен өтті. 07.10.22 күні "Алтын күз" апталығы барысында 8-11 сынып оқушылары арасында " Күз аруы- 2022" байқауы ұйымдастырылды. Арулар; 1. таныстыру 2. Шығармашылық 3. күзгі салат жасау 4. үй тапсырмасы (шебер қолдар) кезеңдері бойынша сыналтылды. Қыздардың тапқырлығы мен шеберлігіне әділ қазылар алғыстарын білдіріп, марапаттаулар жасалды. Соңынан би кеші ұйымдастырылды. Қазан айының 19 жұлдызында А. Байтұрсынұлы мектебінде Республика күніне орай жалпы республикалық диктант өткізілді.

Мақсат, міндеттері: Мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

Отанын, туған елін сүйуге тәрбиелеу; Мемлекет құндылықтарын, рәміздерін құрметтеуге үйрету. Республика күніне орай қазанның 20 жұлдызында оқушыларды Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер

" Жас Ұлан" ұйымына қабылдау салтанаты өткізілді. 22 күні Республика күніне орай бірыңғай сынып сағатты өткізілді. Мақсаты- ата-бабаларымыздың ерлігі мен бүгінгі буынның ерен еңбегін ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайту.

оқушылары арасында қабырға газеттер, суреттер байқауы өткізіліп, 5-7 сынып оқушылары 19- қазанда Республикасы күніне арналған «Қазақстан- салауатты ұлт, салауатты болашақ» челленджісіне қатысты. Оқушыларды өз Отанын, мемлекеттік рәміздерді, өз халқының тарихи мұрасын құрметтеуге, жауапкершілік сезімін арттыру, өз мемлекетінің өткеніне құрметпен қарауға тәрбиелеу, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған шараға оқушылар белсене қатысты. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында "Қазақстан- салауатты ұлт, салауатты болашақ" тақырыбында асық, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, эстафеталық ойындарынан спорттық іс- шаралар өткізіліді.

Спорт өз- өзінді бақылауда ұстаудың ең дұрыс жолы.

Спорт- мақсатқа жеткізуші.

Спортпен шұғылданатындардың өмір сүру деңгейі басқалардан жоғары. Біз салауатты өмір салтын әрқашан қолдаймыз- дейді жас ұрпақ.

26.10.2022 күні "Құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында мектепшілік ата- аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында ата-аналар өздерін мазалаған сұрақтарына жауап алып, оқушы, ұстаз, мектеп сабақтастығын қолдайтынына тоқталды. Жасөспірімдерге, балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында 2022 жылдың 18 қарашасында қыздар арасында «Зорлық-зомбылықсыз әлем – біз бірге жасай аламыз» тренингінің элементтерімен сабақтар өткізілді.

Мақсаты: балалардың адам құқықтары туралы білімдерін нығайту. Оқушылар тәрбие жұмысының орынбасарына және педагог –психолог, мектеп медбикесіне сұрақтар қойып, зорлық зомбылықтың алдын алу, өз құқығын қорғай білу туралы мәліметтер алып, алғыстарын білдірді. "1 желтоқсан Дүниежүзлік СПИД-ке қарсы күрес күні" сынып сағаттары өткізіліп, оқушыларға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін жағымсыз жат қылықтарға бой алдырмай саналы ғұмыр кешу өз қолдарында екені талданып, түсіндірілді. Және педагог- психолог Л. А. Юсупова мен мектеп медбикесі З. С.

Орашова 5- 7 сыныптар арасында "Ұжымдақ топ" тренингісімен бастап, «Психотропты заттардан уланудың алдын-алу» тақырыбында әңгіме сұхбат өткізді. Мақсаты: Психотропты заттардың психикаға тигізетін әсері мен оның алдын-алу шараларын түсіндіру. " 2-5 желтоқсан аралығында " Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" ақпараттық науқанына орай кітапханада отбасылық құндылықтарды насихаттайтын кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, бастауыш сыныптар арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын сынып сағаттаны өткізілді. Сонымен қатар педагог- психолог оқушыларға жеке тұлғаның күшті жақтары туралы түсінік беру, мінездегі сенімділік дағдыларын қалыптастыру, агрессия күйіне қарсы кері қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Қоян,қоян мен қандаймын,айтшы?» жаттығуын жүргізе отырып, кеңес берді. 15 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай салтанатты жиын тәуелсіздік құрбандарын еске алып, бір минут үнсіздікпен басталды." "Жас Қырандарды" қабылдау салтанаты өткізілді. Тәуелсіздік- басты құндылық", "Қазақстан- менің туған өлкем" тақырыбында сынып сағаттары, мергендер сайысы ұйымдастырылды.Тәуелсіздіккүнінеорайжалпыреспубликалық диктант өткізілді. шахматтанмектепішілік олимпиада өтті. Олимпиадаға 1-11 сыныпоқушылары 16 адамқатысты. Жеңімпаздармарапатталады.30 желтоқсан "Қошкелдің, Жаңажыл-жаңа белес, жаңаарман"

аттыжаңажылшыршасыоқушылардыңжасерекшеліктерінесайұйымдастырылды.

Шыршаотойындамектепұжымы мен кәсіпкер Ә.РАБдықадырқызының 1-4 сыныпоқушыларынажасағансыйлықтарын

Құттыболсын, балалар

КелгенЖаңажылдарың

Орындалсынұл, қыздар

Жаңа белес, жаңаарман...-депаязатауелестіріп, жасөспірімдердіризашылыққабөледі. 23.01.2023 күні

МектепшарламентініңұйымдастыруыменжасмаманмектебіміздіңкітапханашысыСетерхан Маржангүлмен "Өнегелі өмір" жобасыаясындакезесуөткізді. Оқушылармен "Оқуғақұштармектеп"

жобасыаясындақандайішараларұйымдастырылыпжатқанытуралыжәнежасмаманретіндеөзөмірі мен қызметіжайлы ой бөлісті.

24 қаңтар мектеп асханасына ыстық тамақтың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Бақылау барысында мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, тамақ өнімдерінің сапасы, мәзір бойынша тамақтың өлшемге сәйкестігі тексерілді. Қортындылай келе жұмыс талапқа сай,тиянақты, барлығы жұмыс кестесі бойынша екені анықталды. 27 қаңтар "Жемқорлық деген не?," " Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушыларға біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ екені, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы екені түсіндірілді. 31.01.23 күні педагог—психолог жоғары буын оқушылары арасында психотропты заттардың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп, қорытынды жасады.Өзін—өзібасқару ұйымының ұйымдастыруымен 27 жыл білім саласында сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп келе жатқан Қалидолда Биғайыммен "Өнегелі өмір" жобасы аясында кезесу өткізді.

Ұстаз оқушыларға болашақта алға мақсат қойып, мықты маман иесі болуға кеңес беріп, аналық ыстық ықыласын білдірді. 07 ақпан"Өз мамандығын іздеуде" атта кәсіптік бағдар апталығы барысында 1-4 сыныптар арасында, "Мамандықтар әлемі" тақырыбында, 5- 6 сыныптар арсында "Мамандыққа мұқият бол" тақырыбында, 7-8 сыныптар арсында "Кадр мәселесі" атты викториа сабақ, іскерлік ойындар өткізіліп, 1-11 сыныптар арасында педагог- психолог оқушылардың мамандыққа жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімін анықтауға арналған экспресс-диагностика жасады.08 ақпан кәсіптік бағдар беру апталығы аясында балалардың әртүрлі кәсіпті игеру білімін арттыру мақсатында кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, "Еліміздің кәсіптері", " Мамандықтар әлемі" туралы видеороликтер көрсетіліп, оқушыларға кеңестер беріліп, сынып сағаттары өткізілді.

"Балалардың кәсіби дамуындағы отбасының ролімен" танысып, "Өнегелі өмір" жобасы аясында 9-11 сынып оқушылары мен мектептің техникалық қызметкерлері арасында "Жұмыстың бәрі жақсы,өзің таңда"тақырыбында әңгіме өрбіді. Оқушылар жұмысшы мамандардың еңбегін бағалап, ризашылықтарын білдірді 1-4 сыныптар арасында "Барлық жұмыстар жақсы, өзің таңда" тақырыбында мәнерлеп, өлең оқу сайысы өтті, 5—11 сынып оқушылары арасында ауылдың кәсіпорындары мен ұйымдарына экскурсия жасау шарасы ұйымдастырылды.Мақсаты мамандақтың бәрі жақсы екенін көрсету.14 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай мектеп кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылып,апталықтың ашылуына салтанатты жиын өткізілді , "Сарбаз соғыс таңдамайды" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.Мақсаты; Тәуелсіздік жолында күрескен аға - апаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, оқушыларды ұлтжандылыққа, Отанын сүюге тәрбиелеу. 15 ақпан "Құқықтық навигатор" тақырыбындағы құқықтық сауаттылық апталығы аясында бастауыш сыныптар мен орта буын оқушылары арасында "Қазақстан Республикасының рәміздері", атты сынып сағаттары мен " Бала қандай құқықтарға ие" тақырыбында іскерлік ойындар өткізілді. Мақсаты; оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру. 16 ақпан 3-4 сыныптар арасында "Құқық білгірлері" ата- іскерлік ойын, 5-7 сынып ата- аналары арасында "Отбасындағы баланың құқығы", " Отбасы — қауіпсіздік аумағы" тақырыбында жиналыс өткізіліп, сауалнама жүргізілді. 28 ақпан Алғыс айту күніне орай мектеп кітапханасында "Қазақ еліне тағзым" көрмесі ұйымдастырып, "Қазақстан — бірлік пен достық мекені" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Алғыс айту күні - терең тарихымызға құрмет көрсетіп, келешек ұрпақты достық пен бейбітшілік аясындағы дәстүрді жалғастыруға үндейтін күн. Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сонымен бірге оның ойы мен іс – әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру.

Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ—нің мектеп парламенті мүшелері “Алғыс айту” күніне орай ұстаздарға, ата-аналарға, достарына ыстық ықылыстарын, жылы лебіздерін арнап, алғыс білдірді. 01 наурыз "Дүниежүзлік Азаматтық қорғаныс Күні" сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сынып жетекшілері оқушыларын өрт кезіндегі сақтық шаралар мен өрттен сақтану жолдары туралы нұсқаулықпен таныстырды. Халықаралық әйелдер күніне орай қабырға газеттер және суреттер байқауы өткізілді.8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Ізгілік пен сұлулыққа толы жарқын мереке халықаралық әйелдер мерекесі жүректерге жылу сыйлайды. Бар әлем ана бақыты және махаббатымен түрлене түседі.

Бүгін 7 наурыз көктемнің шуақты мерекесінде Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт пен еңбектеріңізге табыс тілейміз- деп әр сынып оқушылары аналарына әсем ән мен тәтті көңіл күй сыйлады. 16 наурыз мерекеге орай "Ұлттық тағамдар жәрмеңкесі" өтті. Сүттен жасалатын тағамдар - қазақ асханасының негізі. Ондай тағамдарды астың алдында немесе астан кейін пайдалану ағзаға үлкен септігін тигізеді. Сүттен қазақтар әртүрлі тағамдар дайындаған. Спыр сүтінен айран, түйе сүтінен шұбат, бие сүтінен қымыз, құрт, ірімшік, ақлақ, қатық, сүзбе, май, қаймақ әзірленген.

Қазақтың ұлттық тағамы - өте нәрлі, дәмді, адам ағзасына пайдалы дәрумендер мен минералдарға, микроэлементтерге бай, ауруға шипа берер тағамдардан тұратынын оқушылар апта бойғы сынып сағаттарынан ақпарат алумен қатар, жәрмеңке барысында дәлелдермен толықтыра түсті. Наурыз мейрамына орай сынып сағаттары, "Қайырымды ұлт" акциясы ұйымдастырылып, қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан турнир өткізілді. 16 наурыз жыл бастауы Наурыз мейрамы жоспары негізінде оқушылар арасында "Ұлттық киімді күнде кию керек пе?" тақырыбында дебат өткізілді. ұстаздары мен оқушылары Наурыз мейрамына арналған челленджіге қатысып, күй орындады.Домбыра

арқылы қазақ халқының болмысын дәріптеу, мәдени мұрасын насихаттау мақсатында барша қазақ қыздарының болмысы мен образдырын бейнелеуге арналған

Ә. Желдібаевтың күйі "Ерке сұлқымды" орындап, Наурыз мейрамының маңыздылығын арттыра түсті. Наурыз мерекесінде халық наурыз көже пісіріп, қонақ күту дәстүрін жаңартады. Халық ойындары да көрініс табады. Дәстүрдің жаңғыратын кезеңі де осы мезгіл. Бүгін 18 наурыз

Мектебіміздің ұстаздары, ата-аналары мен оқушылары Наурыз мейрамын қарттардан бата алумен бастап, ұлттық салт дәстүр мен ұлттық өнерін паш етіп, ерекше көңіл күймен атап өтті. 20 наурыз Наурыз — көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болумен бірге, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған өнегелі, өнерлі азамат тәрбелейтін ұлттық мейрамымыз. Наурыз мерекесіне байланысты мектеп ұжымына сұрақтар қойылды. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында 24 наурыз мектеп ұстаздары кешкі және түнгі уақытта «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік шаралар ұйымдастырды. Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу, балалар және жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз түнгі уақыттағы бос жүрістің алдын алу олардың құқықтық сауаттылығын арттыру. 12 сәуір сағат 12.00 да шахматтан республикалық челленджге ұстаздар мен оқушылар қатысты. Шахмат балалар мен ересектерге арналған зейін мен логикалық ойлауды дамытатын танымал ойын. Челленджінің мақсаты шахмат сабақтары арқылы оқушылардың интеллектуалды және ақыл ой қабілеттерін дамытуға ықпал ету. 7 сәуір "Жасыл Қазақстан" экологиялық сауаттылық апталығының ашылуы салтанатты жиынмен басталып, "Жер-біздің ортақ үйіміз" тақырыбында, "Ғаламшарды бірге қорғайық" ұранымен сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты өскелең ұрпаққа олардың жеке тұлғасының қалыптасуында өскен ортасы, табиғаттың әсемдігі, көгалдандырылуының әсері туралы ақпарат беру,

"Жасыл Қазақстан" экологиялық сауаттылық апталығы аясында "Эко — білім күні" тақырыбында, "ЭКО-оқу-қазір баста!" ұранымен бастауыш сыныптар арасында суреттер байқауы, 5-9 сыныптар арасында "Экологиялық таза өмір сүремін" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 19 сәуір "Жасыл Қазақстан" сауаттылық апталық барысында "Тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау" тақырыбында, "Қоқыс-қалауыңша кіріс әкеледі" ұранымен 5-8 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты полигондардағы тұрмыстық қатты қалдықтар күннің жылынуы немесе өрттің кесірінен еріп, физика-химиялық және биохимиялық үрдістердің жүруіне ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, қоқыстарды сақтау барысында сұйық, қатты және газ тәрізді көптеген улы химикаттар пайда болады. Ал бұның биосфераға және адамзат өміріне үлкен қауіп төндіретінінен түсінік беру. 0 сәуір "Табиғат-керемет әлем" тақырыбында, "Табиғатты қорғау үшін біргеміз!" ұранымен 5-9 сыныптар арасында қазақ тілі пән мұғалімдері табиғат, экология тақырыптарындағы өлеңдер байқауын өткізді. Мақсаты оқушылардың табиғатын сүйіп, экологияға қамқорлық жасуын, ақын жазушылардың шығармашылығымен ұштастыру. 24 сәуір Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай 1-4 сыныптар арасында мектепшілік саптық ән байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. Ұлы Жеңістің 78 жылдығына және Қазақстан Қарулы күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына орай, қорғаныс-бұқаралық және әскеи-патриоттық айлық жұмысының жоспарына сай Молдежный кентінде өткен "Ұлан" әскери-спорттық ойынынан мектебіміздің оқушылары "мылтық ату" сайысынан 1 орынды жеңіп алды. Сайыстың мақсаты әскери-қолданбалы спорт түрлерін дәріптеу, жастарды ҚРҚК-не қызмет етуге және Отанды қорғау бойынша патриоттық борышын орындауға дайындау. 27 сәуір Қарағанды облысы білім басқармасының "Осакаров ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Осакаров кенті" Жастар ғимаратында "Мамандықтар жәрмеңкесі" өтті. Жәрмеңкеге Осакаров ауданы білім бөлімінің "А. Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ" КММ-нің 9-11 сынып оқушылары қатысып, көптеген мамандықтармен танысып, өз қалаған мамандықтарын дұрыс таңдауға мүмкіндік ала алды. Ұйымдастырушыларға алғыс

білдіреміз. 4 мамыр Парасатылық– адалдық, ізгілік, әділеттілік қағидаттарын оқушы бойына қалыптастыруға, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын қоғамда ілгерілетуге бағытталған сара жол екенін насихаттау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы "Парасаттылық сағаты"өтті.

04 мамыр Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналған "Жеңіс лентасы"акциясы өткізіліп, жеңіс күнімен құттықтау парақшасы үлестірілді. Және Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай "Желбіре жеңіс жалауы!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты оқушыларды Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге баулу. 5 мамыр Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің 31жылдығы мен Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналған айлық жұмысының жабылуы өткізілді. Еліміздің тыныштығы мен бейбіт тірлігінің сақшылары Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңіс күнінің салтантты жиыны Ұлы Отан соғысында бақилық болған боздақтарымызға бір минут үнсіздікпен тағзым етумен басталды. Ауыл әкімі К. Мусалимұлы салтанатты жинға қатысушыларды Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап жылы лебізін білдірді. Мектеп директоры А.Д.Тауекелова айлық жұмысы барысында атқарылған сайыстарға белсене қатысқан жеңімпаздарды марапаттады. 15 мамыр халықаралық отбасы күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында "Менің отбасым" тақырыбында суреттер байқауы, "Отбасы- бақыт мекені" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.Педагог-психолог Л.А Юсупова «Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел соңында "Тілек шамы" жаттығуын ойнатып ата- аналар бір бірлеріне тілек айтты. Бұл шараның мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.03 мамыр мектебіміздің түлегі Жанатаев Инкара Қадыржан қызы ортамызға оралды. Халықаралық жарыстардан үш қола жүлде иесі, Қазақстанның үш дүркін чемпионы, Қазақстан турнирлеріне 18 мәрте қатысып, алдыңғы үштікті бағындырумен қатар бес күміс, үш қола жүлдегері шәкіртімізбен Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің ұжымы мен оқушылар арасында кездесу өткізілді. Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен жеңімпаз Инкара оқушылар арасында грек -рим, күресінен шеберлік сабағын көрсетті. Еліміздік спортының дамуына, мектебіміздің мәртебесі мен беделіне қосқан үлесі, жас ұрпаққа үлгі- өнеге болған шәкіртімізге алғыс білдіре отырып, кең пейілі, ыстық қайраты, ерінбейтін адал еңбегінің арқасында қаншама жетістікті бағындырған жетістіктерін жас ұрпаққа үлгі етуді мақсат еттік.

Алға, Инкара, жетістікке жете бер.Тазалықсіз бен сіздіқоршағанортаданбасталады. Б18 мамыр мектебімізде "Таза бейсенбілік" жүргізілді. Мақсатымектепауласыныңтазалығы мен қоғамныңэкологиялықталаптарынасай болу. "Таза бейсенбілік" барысында мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріәктеужұмыстарынатқарып, оқушыларкөгалдандыру, тазартужұмыстарынабелсенекатысты.19 мамыр "Буллингкеқарсымыз" тақырыбындасыныпсағаттары, суреттербайқауыжәне "Біздіңмектепбуллингкеқарсы" аттычелленджұйымдастырылды. Мақсатыжасөспірімдерарасындағықорлау, мазақтау, намысқатиожағдайларыныңалдыналу. Бір-бірінесыйластықпенқарап,

қолдауқорсетебілуге баулу.31 мамыр – Қазақстантарихыныңеңқайғылыбеттерініңбірі - жаппайсаясиқуғын-

сүргінжәнемиллиондағанадамныңқазаболуынаәкепсоққанашаршылық.31 мамыр қуғынсүргінқұрбандарыгескеалуғаарналғансыныпсағаттарыөтті.

МақсатыбүгінгіегеменҚазақстанныңәрбіразаматыүшінзұлымдыққұрбандарынескеалужәне естесақтаужасұрпақүшін, азат,

тәуелсізҚазақстанныңәрбіразаматыүшінолардыескеалужәнеестесақтауқасиеттіпарызымыз екеніноқушыбойынадарыту. Бүгін 1 маусым

балалардықорғаукүніменқатаркелгентүлектеркеші, салтанаттыжиын "Балалықшақәлеміқандайғажап!" тақырыбындааталыпөттімектеп ұжымы, ауыләкімі К.

Мусалимжәнеата- аналартүлектергежүрекжардытілектеріарнап, ақжолтіледі.8 мамырда Қарағанды облысының аумағында “Қамқор” кең ауқымды акциясы өткізілді.Шараның негізгі мақсаты кәмелетке толмағандардың, балалар еңбегінің ең нашар түрлерімен болған фактілерді анықтау үшін азаматтардың көп жиналатын орындарын тексеруге, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды анықтауға ерекше назар аудару болатын. Осы мақсатта Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің ұстаздары ауылдық учаскелік инспектор полция майоры Момбеков Саят Шарайұлымен бірге рейке шықты.Рейд барысында бала еңбегін қанау фактісі анықталған жоқ.ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ - 09.06.2023 ж

Жаз – балалардың асыға күтетін тамаша мезгілі. Жазғы демалыс – оқушылардың мектептегі сабақтан гөрі еркіндікте болып, өзі үшін қызықты істерді жасап және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің "Айналайын " жазғы сауықтыру лагері өз жұмысын жалғастыруда.

Балалар лагерьде түрлі шараларға қатысып, көтеріңкі - көңіл күймен демалуда.

Бүгін оқушылармен саяхатқа шығып әртүрлі ойындар ұйымдастырылды. Мектеп педагог—психологы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін психологиядан логикалық сұрақтар қойып,балалар белсене жауап берді.14 маусым Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқанына байланысты іс-шаралар жоспарланып, бекітілді. Шараның басты мақсаты – ауыр жұмыс істеу баланың денсаулығына зиян екендігін және әрбір бала - ешбір қиындықсыз, жарқын өмір сүруге тиіс екендігін ұғындыру; жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың ауыр жұмысқа тартылмауының алдын алу; сондай-ақ осы саладағы құқықтық ақпараттандыру болып табылады.23 маусым ұстаздары ата- аналардың қатысуымен 22.06.2023 күні "Түнгі қаладағы балалар" рейдтік шарасын өткізді. Шара барысындаанықталғанқұқықбұзушылықболғанжоқ.

Мектеп директоры



Тауекелова А.Д